



Тұгендеу

Лекция 5

Қарастырылатын сұрақтар:

- Түгендегендеу және оның түрлері
- Түгендегендеу жүргізу тәртібі
- Түгендегендеу нәтижелерін бухгалтерлік есепте көрсету

- Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік деректерінің дұрыстығын қамтамасыз ету мақсатында жылына кемінде бір рет активтер мен міндеттемелерді түгендеу жүргізіледі.
- *Түгендөу* – бұл негізгі құралдар, тауарлы-материалдық құндылықтар, аяқталмаған өндіріс, ақша қаражаттары, есеп айырысулады есеп мәліметтерімен салыстыратын бухгалтерлік есеп әдісі элементтерінің бірі болып табылады.

Түгендеуді жүргізу мақсаты

- *Түгендедің мақсаты* – қолда бар барлық құндылықтар мен қарыздардың дұрыс пайдалануын және құжаттармен расталуын қамтамасыз ету.
- Түгендедің міндеттері:
 - ∅ Активтердің сақталуын және материалды жауапты тұлғалардың іс-әрекетін бақылау;
 - ∅ Есеп объектілерінің нақты жағдайының толық көрсетілуі;
 - ∅ Тексерумен анықталған нәтижелердің өз уақыттылығы мен шынайылығы, нақты қолда бар мүлікті есеп мәліметтерімен салыстыру;
 - ∅ Нормадан тыс, қолданылмайтын құндылықтарды кейін өткізу мақсатында анықтау;
 - ∅ Есеп объектілері құнының нақтылығын және оларды сақтау ережелері мен жағдайларын тексеру, т.б.

Түгендеудің тұрлери мен олардың сипаттамалары

Түгендеу тұрлары	Сипаттамалары
Откізу мерзімі бойынша	<ul style="list-style-type: none"> – <i>Жоспарлы (кезеңдік)</i> – алдын-ала белгіленген мерзімде кесте немесе жоспар бойынша жүргізіледі; – <i>Жоспардан тыс</i> – өте қажетті жағдайларда ғана (ұрлау, құндылықтарды бұлдіру және асыра пайдалану фактілері анықталғанда; материалды-жаяупты тұлғалар ауысқанда; өрттен, табиғи апаттардан кейін және т.б.) жүргізіледі.
Қамту көлемі бойынша	<ul style="list-style-type: none"> – <i>Толық</i> – нұсқаулықтарда көрсетілген мерзімде жүргізіледі және тек тауарлық материалдық құндылықтар мен ақша қаражаттарын тексеруге ғана емес, сонымен қатар басқа ұйымдармен есеп айырысу дұрыстыры, жылдық (тоқсан-дүк) есеп беруді жасау бойынша қалдықтарды салыстыру және тексеруге бағытталады; – <i>Ішінара</i> – тек жеке есеп объектілерін қамтиды (мысалы, ТМҚ-ды қайта бағалау); – <i>Іріктемелі</i> – толық түгендеуді жүргізу қажеттілігі жоқ болған жағдайда жүргізіледі (мысалы, тауарлардың жеке атаулары бойынша табиғи есепте, жабдықтаушының тауар-лардың жеткіліксіздігі үшін кінарат-талабын өтеуден бастартуы); – <i>Тұмас</i> – қандай да бір жүйенің барлық құрылымдық бөлімшелерінің құндылықтары немесе есеп объектілерін бір мезгілде тексеру;
Откізу нысаны бойынша	<ul style="list-style-type: none"> – <i>Заттай</i> – нақты қолда бар мүлік объектілерін бағалау мақсатында жүргізіледі, ал олардың мөлшері есептеу, өлшеу, таразыға тарту және басқа да көзге көрінетін әдістер-мен тізім жасау арқылы анықталады; – <i>Бастапқы құжаттарды түгендеу</i> – бухгалтерлік есеп шоттарында көрсетілуге негіз болған материалдық емес активтерді, патенттерді, дебиторлық берешек пен басқа да құжаттарды тексерумен байланысты; – <i>Бухгалтерлік (кітаптық түгендеу)</i> – ұйымның шоттар жоспарының жағдайын және баланстың құрылуын олардың сенімділігі мен ақпараттылығын арттыру мақсатында тексе-руге бағытталған;
Ұйымдастыру дәрежесі бойынша	<ul style="list-style-type: none"> – <i>Өзекті</i> – операциялық жылдың аяғында баланстың жабы-луына дейін немесе кейін 10 күн ішінде жүргізіледі. Жабу күні мен түгендеуді жүргізу арасындағы қолда бар түген-деудегі өзгерістер рәсімделетін құжаттарға сәйкес есепке алынуы тиіс; – <i>Перманентті (жалғасуышы)</i> – түгендеу түрі, саны және құны бойынша түгендеу тізімінің жасалуы. Ол материалдық мүлікті түгендеумен үйлеседі. Оны жүргізу күні бухгалтер-лік балансты құру күніне байланысты; – <i>Жылдық</i> – баланстың құру күніне 3 ай қалғанда немесе оны құрудан кейінгі алғашқы 2 ай ішінде бүкіл номенклатура бойынша толық немесе ішінара жүргізіледі.

Түгендегі міндетті тұрде жүргізілетін жағдайлар



Мұлікті жалға беру, сатып алу, сату, меншік нысанын өзгерту (түрлендіру);



Ø Жойылу (бөлу) балансын жасауға дейін субъектінің жойылуы (қайта құрылуы) және ҚР заңнамасымен қарастырылған басқа жағдайлар;



Ø Нормативтік құжаттармен белгіленген негізгі құралдарды, ТМК және басқа да құндылықтарды қайта бағалау;



Ø Авария, өрт және басқа да табиғи апаттар, төтенше жағдайлар;



Ø Құндылықтарды асыра пайдалану, ұрлау, зиян келтіру фактілерінің анықталуы;



Ø Материалдарға жауапты тұлғалардың ауысусы (басшының талабы бойынша, бір немесе бірнеше мүшенің кетуіне байланысты);



Ø Тауарлардың жеткіліксіздігі үшін сатып алушыдан кінарат-талап келіп түскенде (жабдықтаушының кінарат-талапты өтеуден бастартуы);



Ø Жылдық қаржылық есеп жасаған кезде.

Түгендеу жүргізу тәртібі және мерзімдері

- Бухгалтерлік есептің бұл саласындағы қазіргі тәжірибе бойынша, кәсіпорындардағы (ұйымдардағы) түгендеу жұмысының басқарылуын жетілдіру үшін, тұрақты қызмет ететін (жоғары дәрежелі қызметкерлерден тұратын) түгендеу комиссиясын құру қажет.
- Олардың құрамы кәсіпорын басшысының бүйрекімен белгіленуі тиіс. Тұрақты қызмет ететін комиссиясы құрамы және түгендедің басқа да маңызды аспектілері есеп саясатында көрсетілгені жөн. Бұл комиссиялардың негізгі қызметі мыналар:
 - Ø Кәсіпорын мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізу;
 - Ø Түгендеу комиссиясына нұсқаулықтар беру;
 - Ø Түгендеу мәліметтерінің сенімділігін қамтамасыз ету;
 - Ø Түгендедің дұрыс ұйымдастырылуы және қажет болған жағдайда тексерулердің қайтадан өткізілуі;
 - Ø Құндылықтарды сақтау орны бойынша бақылау, тексеруі және іріктемелі түгендеу жүргізу;
 - Ø Жетіспеушілікке, бүлінуге, бұзылуға жол берген тұлғалардың түсіндірмелерін қарастыру;
 - Ø
 - Жұмыс комиссиясының мүшелері мыналарға жауапты:
 - Ø Кәсіпорын басшысының бүйрекіна сәйкес тәртіптің тиісті уақытында орындалуына;
 - Ø Түгендеу тізімдеріндегі мәліметтердің дұрыстығына;
 - Ø Материалдардың түгенделуін белгіленген тәртіпке сәйкес тиісті уақытында рәсімдеуге;

Бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес түгендеу нәтижелерін келесідей тәртіппен реттейді:

- - артықшылықтар мен жетіспеушіліктердің өзара есебі (қайта сорттау бір кезде және бір материалды жауапты тұлғада, сондай-ақ бір атаулы құндылықтарға қатысты болған кезде жіберіледі);
- - бухгалтерлік есепте өзара есеп көрсетілмейді;
- - артықшылықтар келешекте кінәлі адамдарды және олардың туындау себептерін бекітумен кірістеуге алынады. Бұдан бухгалтерлік есепте актив есебі шоттары дебеттеледі және кірістелген артықшылықтар кәсіпорын табысы болып табылғандықтан, басқа да табыстар шоттары кредиттеледі;
- - құндылықтардың жетіспеушілігін олардың туындау себептерінен тәуелсіз материалды жауапты тұлғалардың мойындарына апарады;
- - табиғи кему нормасы шегінде жетіспеушіліктерді өндіріс шығындарына апарады (құралдардың нақты түрлеріне табиғи кему нормалары салалық министрліктермен бекітіледі);
- - табиғи кему нормаларына артық жетіспеушіліктерді, құндылықтардың бүлінуінен жоғалтуларды, сонымен қатар нақты кінәлілер жоқ болғандағы ұрлықтарды және материалды жауапты тұлғалардан іздестірудің негіzsіздігі кезінде оларды кезең шығындарына апарады;
- - кінәлі адамдар бекітілген жетіспеушіліктер, құндылықтардың бүлінуінен жоғалтулар нақты кінәлі адамдардан іздестіріледі. Бухгалтерлік есепте кәсіпорын алдындағы нақты кінәлі тұлға дебиторлық қарыз ретінде ресімделеді.

(жасітірек, үйім)
Цех (койма) _____

ТҮГЕНДЕУ НӘТИЖЕСІНІҢ
САЛЫСТАРУ ВЕДОМОСЫ

«___» ____ ж.
«___» ____ г. № ____ бүйрек (укімнің негізінде)
Herisri қураллардың түгендеуі жүргізілді _____

(кызметі) _____
Түгендеу басталды “____” _____ ж.
(аты-жөні)
аяқталды “____” _____ ж.

Түгендеу кезінде келесілер бекітілді:

Тізімнің реттік нөмірі	Объекті нің аты мен қысқаш а сипатта масы	Шықкан (дайынд ал ған) жылы	Инвента рлық (номенк латурал ық) нөмірі	Түгендеу корытындысы			
				артыкш ылық Саны	Жетіспе ушілік күны	саны	күны
1	2	3	4	5	6	7	8

Бухгалтер
Салыстыру нәтижесімен таныстым

(материалды-жасауды тұлғаның қолтаңбасы)

Бақылау сұрақтары:

- Түгендеудің мәні, оның түрлері.
- Түгендеуді өткізу және тіркеу тәртібі.
- Түгендеу нәтижесін анықтау мен оларды есепке алу.